

Ж.Қ. ТӨЛЕУБАЕВА, М.К. ТАУШАНОВА

*Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті,
«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының 2 курс магистранттары*

АҚТӨБЕ ХРОМ ҚОСЫЛЫСТАР ЗАУЫТЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Өндіріс орындарында жұмыс жасайтын жұмысшылардың денсаулығына әсер ететін факторлар құрылымында УЕЖ деңгейін жоғарылатын, кәсіби аурулар мен жұмыс ортасы маңызды факторлар болып табылады. Әр түрлі өндірістік салада жұмыс жасайтын жұмысшылардың УЕЖ зерттеу, өте маңызды іс-шаралардың бірі болып табылады. Бұл мақалада АҚ «Ақтөбе хром қосылыстар зауыты» негізгі және қосалқы цех жұмысшыларының денсаулық жағдайын бағалау үшін №16 форма «Уақытша еңбекке жарамсыздық есебі» бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық деңгейіне ретроспективті талдау жүргізілді және алдыңғы қатардағы аурулардың нозологиялық формалары анықталды.

Түйінді сөздер: уақытша еңбекке жарамсыздық, Ақтөбе хром қосылыстар зауыты жұмысшылары.

Өзектілігі. Өндіріс орындарында жұмыс жасайтын жұмысшылардың тенденциясының төмендеуіне дүниежүзілік қоғамдастық алаңдаулы. Еңбек медицинасы бойынша Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) Ғаламдық стратегиясында «Жұмыс орны – қауіпті орта» екендігін негізге алды [2] және 2008-2017 жылдарға арналған ДДСҰ 60-шы сессиясында (2007, мамыр) Ғаламдық әрекеттер жоспары қабылданды. Жаһандық жоспарында жұмысшылардың денсаулығы өнімділікті арттыруда және экономикалық дамуда аса маңызды екендігін атап көрсетті. [1, 13]

Соңғы жылдары денсаулық сақтау саласында адамның өмір салтына теориялық және практикалық тұрғыдан әсер ететін мүмкін факторлар және денсаулық факторлары, яғни денсаулықты нығайтуға мүмкіндік беретін немесе халықтың денсаулық жағдайын әлсірететін күнделікті құбылыстар ерекше орын алуда. Тақырыптың қоғамда орын алып отырған өзекті мәселесі ретінде көтерілу себебі жұмысшылардың өз жұмыс орындарында денсаулықтары мен уақытша еңбекке жарамсыздықтары. Жұмысшылардың уақытша еңбекке жарамсыздықтары (УЕЖ) қазіргі кездегі өріс алып отырған созылмалы патологиялардың көпшілігінің көрсеткіші өндірістік факторлардың белгілі бір сатыда әсер етуінен туындайды.

УЕЖ жұмысшылардың аурушаңдылықтарына байланысты жүгінуі және жұмысшылардың денсаулық жағдайын бағалауда маңызды көрсеткіш. УЕЖ талдау және зерттеу тек қана әлеуметтік – гигиеналық емес, сонымен қатар медициналық, әлеуметтік – экономикалық маңызы зор. [5, 11, 12]

Зерттеу мақсаты: АХҚЗ жұмысшыларының денсаулық жағдайын сипаттайтын УЕЖ негізгі көрсеткіштерін ретроспективті талдау

Материалдар мен әдістер.

Еңбекке жарамсыздық парақтарының деректеріне сүйене отырып, «Уақытша еңбекке жарамсыздық есебін» (ф. 016) әзірлейді. Бұл деректер жұмысшылардың уақытша еңбекке жарамсыздықтарына талдау жасау және есепке алу үшін әр ай сайын, тоқсан сайын, жарты жыл және бір жыл сайын жасалынады.

Зерттеуге алынған объект – АХҚЗ жұмысшылары. Зерттеу нысаны – оның тіркелген аурушаңдықтары, зерттеу бірлігі – уақытша еңбекке жарамсыздық күні және жағдай.

2011 – 2015 жж аралығындағы «УЕЖ есебі» бойынша ретроспективті талдау жүргізілді.

«АХҚЗ» АҚ жұмысшыларының денсаулық жағдайы көрсеткіштерінің мәліметтерін жинау және талдау Н.В. Догле және А.Я.Юркевичтің «Уақытша еңбекке жарамсыздық» (М.,1984) методикалық ұсыныстарының талаптарына сәйкес жүргізілді. 2011 - 2015 жылдар аралықтарындағы уақытша еңбекке жарамсыздық «ЮКОН» ЖШС медициналық ұйымынан алынған №16-ВН «Уақытша еңбекке жарамсыздық есебі» үлгісі мәліметтері бойынша бағаланды.

Жұмысшылардың УЕЖ бойынша денсаулық жағдайын бағалау жалпы қабылданған үш көрсеткіш (100 жұмысшыға шаққандағы оқиғалар, күндер және 1 оқиғаның ұзақтығы) бойынша жүргізілді. Уақытша еңбекке жарамсыздыққа талдау жүргізе отырып, УЕЖ себепші негізгі аурулардың нозологиялық формалары анықталды және негізгі және қосалқы цех жұмысшыларының 2 көрсеткіш (100 жұмысшыға шаққандағы оқиғалар және күндер) есептеліп, салыстырылды.


Аурушаңдық көрсеткіші Excel 97-2003 бағдарламасында келесі формула бойынша есептелінді:

- 1) УЕЖ жағдайының көрсеткіші
Жыл бойы УЕЖ жағдайлар саны *100
Жұмысшылардың орташа жылдық саны
- 2) УЕЖ күндерінің көрсеткіші
Жыл бойы УЕЖ күндер саны *100
Жұмысшылардың орташа жылдық саны

Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау.


АХҚЗ жұмысшылары 2011-2015 жж аралығындағы 100 жұмысшыға шаққандағы УЕЖ орташа жағдай саны 126,3 және күндер саны 1103,5 құрады.

АХҚЗ жұмысшыларының 2011 – 2015 жж аралығындағы нозологиялар бойынша УЕЖ, жағдай (100 жұмысшыға шаққанда) (сурет 1) көрсеткіштер бойынша тенденция: тыныс алу органдары аурулары - 13,9 % төмендеген; тірек қимыл аппараты аурулары - 22,9 % жоғарылаған; гастрит. Дуоденит - 7,5 % жоғарылаған; гипертониялық аурулар - 22,8 % төмендеген; терінің қабыну аурулары - 70,9 % жоғарылаған.




Сурет 1 - Назологиялар бойынша УЕЖ көрсеткіштері, жағдай (100 жұмысшыға шаққанда)

АХҚЗ жұмысшыларының 2011 – 2015 жж аралығындағы назологиялар бойынша УЕЖ, күндер (100 жұмысшыға шаққанда) (сурет 2) көрсеткіштер бойынша тенденция: тыныс алу органдары аурулары - 12,2 % төмендеген; тірек қимыл аппараты аурулары - 23,8 % жоғарылаған; гастрит. дуоденит - 20,9 % жоғарылаған; гипертониялық аурулар - 31 % төмендеген; терінің қабыну аурулары - 68 % жоғарылаған




Сурет 2 - Назологиялар бойынша УЕЖ көрсеткіштері, күн (100 жұмысшыға шаққанда)

2011-2015 жж аралығында жұмысшылардың УЕЖ күндерін (сурет 3) 100 жұмысшыға шаққанда 964,6 күнді (2011ж – 968,2 күн) құрады. Сырқаттанушылық бойынша УЕЖ көрсеткіштері 0,4 % төмендеген, ал УЕЖ жоғары көрсеткіштері 2013 және 2014 жж. (сәйкесінше 1187 және 1218,6 күндер).



Сурет 3 - АХҚЗ жұмысшыларының сырқаттанушылықтары бойынша уақытша еңекке жарамсыздық көрсеткіштері, күндер (100 жұмысшыға шаққанда)

УЕЖ 100 жұмысшыға шаққандағы жағдай көрсеткіштері (сурет 4) 4,2 % жоғарылған және 2015 ж. 114,9 жағдайды (2011 ж. – 110,9 жағдай) құрады. 2011 – 2014 жж. Аралығында 100 жұмысшыға шаққандағы УЕЖ жағдай саны көрсеткіштерінің тұрақты өсуі байқалды.



Сурет 4 - АХҚЗ жұмысшыларының сырқаттанушылықтары бойынша уақытша еңекке жарамсыздық көрсеткіштері, жағдайлар (100 жұмысшыға шаққанда)

УЕЖ талдаудың негізгі міндеті болып сырқаттанушылықты төмендету бойынша іс – шараларды әзірлеу. УЕЖ Е.Л. Ноткин ұсынған «УЕЖ бағалау» шкаласы (1979 ж) бойынша УЕЖ бағалауға болады. Шкалаға сәйкес АХҚЗ жұмысшыларының 2011-2015 жж аралығындағы барлық аурулар бойынша УЕЖ жағдайлар көрсеткіштері «жоғары» деңгейге, ал күндер көрсеткіштері «орташадан жоғары» деңгейде (кесте 1).

Таблица 1 - АХҚЗ жұмысшыларының УЕЖ көрсеткіштерін бағалау шкаласы

Жыл	УЕЖ бағалау		УЕЖ Е.Л.Ноткин шкаласы бойынша бағалау	
	жағдайлар	күндер	жағдайлар	күндер
2011	114	990,7	Орташадан жоғары	Орташа
2012	127,2	1112	Жоғары	Орташадан жоғары
2013	135	1218	Жоғары	Жоғары
2014	140,3	1225,3	Жоғары	Жоғары
2015	115,02	971,7	Орташадан жоғары	Орташа
Орташа	126,3	1103,5	Жоғары	Орташадан жоғары

Осы шкалаға сәйкес АХҚЗ жұмысшыларының 2011-2015 жж аралығындағы барлық аурулар бойынша УЕЖ жағдайлар көрсеткіштері «жоғары» деңгейге, ал күндер көрсеткіштері «орташадан жоғары» деңгейде.

Қорытынды. Зерттеудің нәтижелері УЕЖ күн және жағдай көрсеткіштерінің арасында елеулі айырмашылық бар және УЕЖ төмендету және алдын алу шараларын әзірлеу үшін арнайы тәсілдер керек екендігін көрсетті. 100 жұмысшыға шаққандағы күн және жағдайдың орташа көрсеткіштері жоғарылауда. Жұмысшылардың УЕЖ көрсеткіштері бойынша жиі ауыратын аурулары: тыныс алу аурулары, тірек қимыл аппараты аурулары, гастрит, гипертониялық аурулар және терінің қабыну аурулары. Сонымен қатар тыныс алу органдары аурулары және

гипертониялық аурулар (100 жұмысшыға шаққанда) күн және жағдай бойынша төмендеген, ал тірек қимыл аппараты, гастрит және тері қабыну аурулары (100 жұмысшыға шаққанда) жоғарылаған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 "Workers' health: global plan of action" Sixtieth World Health Assembly 23 May 2007.
- 2 WHO/OCH/95.1. Global strategy on occupational health for all. The way to health at work. Geneva; 1995.
- 3 Ершов, А.В. Особенности заболеваемости с временной утратой трудоспособности населения Калужской области // Вестник новых медицинских технологий.-2010.-Т.17. - №4. С.208-210
- 4 Догле Н.В., Юркевич А.Я. Заболеваемость с ременной утртой трудоспособности. – М.: 1984. - 173 с.
- 5 Измеров, Н.Ф. Национальная система медицины труда как основа сохранения здоровья работающего населения России// Здравоохранение Российской Федерации. -2008.-№1. –С.7-8.
- 6 Мамырбаев А.А., Засорин Б.В. Гигиеническая оценка профессионального риска // Мат.конф. «Актуальные проблемы современной теоретической и клинической медицины и медицинского отравления». – Актобе: 2007. – С.125-129.
- 7 Спаринская И.П., Журавлев Ю.И. Особенности заболеваемости с временной утратой трудоспособности работников Оскольского электрометаллургического комбината // Медицина. Фармация. - 2013. - №25(186). – С. 88-94.
- 8 Мамырбаев А.А. Гигиеническая оценка условий труда рабочих хромового производства // Батыс Қазақстан медициналық журналы. – 2016. - №1(49). – С. 68-75.
- 9 SlavHcek, J. Lifestyle decreases risk factors fo r cardiovascular diseases/ / Central European Journal of Public Health Public. - 2008. - Vol.16. - №4. - P. 161-164.
- 10 Нургайбеков, А.Г. Еще раз о достоверности статистических отчетов позаболеваемости с временно утратой трудоспособности // Качество медицинской помощи. - 2004. - №2. – С.12-16.
- 11 Сиротко М.Л. Оценка заболеваемости населния самарской области с временной утратой трудоспособности/ Сиротко М.Л., Бочкарева М.Н.// Медицинский вестник Башкортстана. - 2013. - №18. – С. 26-29.
- 12 Помыткина Т.Е. Состояние здоровья работников при производстве соединений Азотной группы (обзор литературф) // Гигиена и санитария. - 2014. - №3. – С. 39-45.

Ж.К. ТОЛЕУБАЕВА, М.К.ТАУШАНОВА

Западно – Казахстанский Государственный медицинский университет имени Марата Оспанова

СОСТОЯНИЕ ЗДОРОВЬЯ РАБОЧИХ АКТЮБИНСКОГО ЗАВОДА ХРОМОВЫХ СОЕДИНЕНИИ

Резюме: В структуре факторов, влияющих на здоровье работающего населения, большое значение имеют вредные факторы рабочей среды, воздействие которых приводит к высоким уровням заболеваемости с временной утратой трудоспособности, развитию производственно обусловленных и профессиональных заболеваний. Изучение заболеваемости работников различных отраслей производства является важным мероприятием, так как позволяет выявить закономерности, свойственные формированию уровня здоровья специфических производственных групп и наметить пути профилактики заболеваний. В этой статье для оценки состояния здоровья рабочих основного и вспомогательного цехов АО «Актюбинский завод хромовых соединений» по форме №16 «Отчет о временной нетрудоспособности» сделан ретроспективный анализ степени временной утратой трудоспособности и определены нозологические формы передовых заболеваний.

Ключевые слова: временная утрата трудоспособности, заболеваемость, Актюбинский завод хромовых соединений.

ZH.K. TOLEUBAYEVA, M.K.TAUSHANOVA

West Kazakhstan Marat Ospanov State Medical University

STATE OF EMPLOYEES' HEALTH IN THE AKTOBE FACTORY OF CHROMIUM COMPOUNDS

Resume: In the structure of factors affecting the health of the working population, are important factors harmful working environment, the impact of which leads to high levels of morbidity with temporary disability, the development of work-related and occupational diseases. The study of the incidence of different sectors of production is an important measure as it allows to identify the patterns inherent in the formation of the level of health of specific product groups and identify ways of preventing the disease. In this article, to assess the health status of employees of the main and auxiliary shops of JSC "Aktobe factory of chromium compounds" in the form №16 "Temporary disability report" made a retrospective analysis of the degree of temporary disability and identified nosological forms of foremost diseases.

Keywords: morbidity, temporary disability, Aktobe factory of chromium compounds